

2015 жылға субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдерін және басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 97 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 шілдеде № 5761 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басым ауыл шаруашылығы дақылдарының ұсынылатын оңтайлы себу мерзімдері туралы 2015 жылғы 26 мамырдағы № 1-137 хаты негізінде Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тізімге қосу үшін өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдері - 2015 жылғы 26 маусымдан бастап 16 шілдеге дейін а й қ ы н д а л с ы н .

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2015 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу м е р з і м д е р і а й қ ы н д а л с ы н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 25 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Ж. Бисимбаев

Ә к і м д і к т і ñ

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 3

ш і л д е д е г і

№ 97 қаулысына қосымша

**2015 жылға арналған субсидияланатын
басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір
түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері**

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарын түрлері	Оңтайлы себу мерзімдері
1	Жаздық бидай	15 мамырдан бастап 12 маусымға дейін
2	Жаздық қатты бидай	18 мамырдан бастап 05 маусымға дейін
3	Сұлы	15 мамырдан бастап 15 маусымға дейін
4	Арпа	15 мамырдан бастап 15 маусымға дейін
5	Тары	20 мамырдан бастап 15 маусымға дейін
6	Бұршақтұқымдас дақылдар	15 мамырдан бастап 10 маусымға дейін
7	Күнбағыс	10 мамырдан бастап 05 маусымға дейін
8	Зығыр	12 мамырдан бастап 05 маусымға дейін
9	Мақсары	10 мамырдан бастап 02 маусымға дейін
10	Бақша дақылдары	25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін
11	Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	Бірінші мерзім – 01 мамырдан бастап 10 маусымға дейін, екінші мерзім – 05 шілдеден бастап 31 тамызға дейін
12	Шабындық және (немесе) жыйлымдық алқаптарды шөп егіп жанарту және (немесе) түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер	Бірінші мерзім – 01 мамырдан бастап 10 маусымға дейін, екінші мерзім – 05 шілдеден бастап 31 тамызға дейін
13	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	15 мамырдан бастап 05 маусымға дейін
14	Суаруда жүгері	15 мамырдан бастап 05 маусымға дейін
15	Көкөністер	25 сәуірден бастап 15 маусымға дейін
16	Картоп	05 мамырдан бастап 10 маусымға дейін